

bilimger.kz

Республикалық білім және ғылым порталы
<https://bilimger.kz>
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Күәлік нөмірі:
KZ45VPY00102718

2020

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Ана-аса қымбат жан

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.04.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/71750/>

Сценарий

Тақырып: «Ана-аса қымбат жан!»

«Ана-аса қымбат жан!»

Мақсаты: Мерекелік көңіл күй сыйлау. Аналарды құрметтеуге дағдылау. Ән және қозғауыш орындаушылық дағдыларын қалыптастыру. Өзіне жақын адамға мейірімділік, қуаныш, қуанта білуге тәрбиелеу.

Кейіпкерлер: жүргізуші, балалар, көктем ханшайымы.

Балалар музыка әуенімен залға кіреді.

1-жүргізуші: Армысыздар, аяулы аналар, құрметті ұстаздар, гүлдей құлпырған қыздар! Барлығымыз асыға күткен көктемнің алғашқы күндерімен бірге 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні де келіп жетті.

2-Жүргізуші: Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы, ананың көз нұры, мейірімі, тастай мұзды да жібітеді. Сүйікті аналар, сіздерге деген балаларымыздың жылы лебіздерін қабыл алыңыздар.

«Тақпақтар»

1-жүргізуші: Ендігі кезекті **«Құстар ән салады»** әніне берейік.

Ән «Құстар ән салады»

Қонаққа көктем келеді

Мен көңілді көктеммін

Былыр да келіп кеткенмін

Көзін ашып бұлақтың

Түбіне тал еккенмін

Орман менен далаға

Қаламенен адамға

Әдемілік сыйлаймын

-Армысыздар халайық! Қандай әдемі ұл қыздар, мерекелеріңізбен аналар құттықтаймын!

2-жүргізуші -Қош келдің көктем ханшайымы. Шуағыңды шаттындырып, нұрыңды мол төге бер.

1- жүргізуші: Балалар, қараңдаршы, расында да айнала қандай әдемі болып кеткен, қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем мезгілі.

1 жүргізуші: -Дұрыс балалар, көктем мезгілінде күн жылынып, қар еріп, жылы жақтан құстар ұшып келеді, ағаштар бүршік жарады, табиғат сұлулана түседі.

2-жүргізуші: Ендеше көктем мезгілінің алғашқы мерекесі аналар күніне арналған балалардың тақпақтарын қарсы алыңыздар.

«Тақпақтар»

Көктем:

Балалар, меніңде қыздарға дайындап келген сыйлығым бар еді, тек маған сендердің көмектерің керек. Менің себетіме гүл шоғын жинап беріңдерші.

1- жүргізуші: Балалар, барлығымыз бірігіп мына екі себетке гүлдерді жинастырайық. Қызыл гүлдерді қызыл себетке, сары гүлдерді сары себетке жинастыру керек.

Қимылды ойын: «Гүл жинау»

2-жүргізуші: Қараңызшы көктем, өте әдемі гүл шоғы жиналды, қыздарымызға ұнайтыны сөзсіз.

1-жүргізуші:

Үкілі кәмшат, бүрмелі көйлек.

Тұрғандай өзі, қимылсыз билеп, -деп ақын ағаларымыз жырлағандай келесі кезекті мың бұралған бишілерге береміз.

Би: «Гүлдер»**2-жүргізуші.**

Аналар ақ тілекті, сөз көп дейін,

Жылытар жүрегіңді көз көп дейін

Аналар ақ жаулықты бұл сіздерге

Қол соғып қарсы алайық «Біздер-үйдің гүліміз» атты әнін дейін.

Ән «Біздер-үйдің гүліміз»

Көктем ханшаймы: -Балалар, сендер әнді де, тақпақты да жақсы айтасыңдар екен, дегенмен мен сендерден сұрайын дегенмін, ал сендер аналарыңа көмектесесіңдер ме?

2-жүргізуші: Әрине көмектеседі көктем ханшайымы, қазір біздің ұлдар сізге көрсетіп береді.

Ұлдар Биі: «Кір жуу»**1-жүргізуші:**

Ал балалар!
Ойнадық та, күлдік те.
Биледік те, ән салдық.
Кәне, енді бірігіп,
Ах, какая мама! әнін шырқайық.

2-жүргізуші:

Деменіз, біз өнерді аяп қалды,
Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.
Қош болып, тұрыңыздар көріскенше
Осымен концертіміз аяқталды.

1-жүргізуші:

Аналар, қалқып бақыт аралында,
Лайым мұң қонбасын жанарыңа
Осымен кешімізді аяқтайық
Гүл бітсін бәріңіздің қадамыңа – дей отырып, бүгінгі «Ана – аса қымбат жан!» атты ертеңгілігіміз аяқталды.

2-жүргізуші: Ардақты аналар!

Екі жүргізуші бірігіп: Мейрамдарыңыз құтты болсын! Сау саламатта болыңыздар!

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimges.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.